

**"Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі № 407 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 мамырдағы № 611 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 ақпандағы
№ 85 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.02.2015 № 85 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі № 407 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 18, 185-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою, не оларды алып қоюсыз міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу ережесінде :

мынадай мазмұндағы 22, 23 және 24-тармақтармен толықтырылсын:

«22. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуге тапсыру жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды аяқтағаннан кейін тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша олардың тапсырылуы туралы акт жасайды.

23. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың қайта өңдеуге тапсырылуы туралы актіге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу жөніндегі ұйымның басшысы және жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың иелері қол қояды және ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ведомствосының аудандық (қалалық) аумақтық бөлімшесінің мөрімен бекітіледі.

24. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін

жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоюсыз міндетті залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу кезінде тиісті аумақта жануардың бір басының және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың нарықтық құнының 30 %-нан аспайтын мөлшердегі құны жергілікті бюджет есебінен өтеледі, ал құнының қалған бөлігін жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу жөніндегі ұйым өтейді.»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қою және жою нәтижесінде жеке және заңды тұлғалар келтірген залалдарды өтеу ережесі мен шарттарында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат алып қою және жою кезінде жеке және заңды тұлғалар келтірген залалдарды өтеу үшін жануарлардың түрі мен жыныстық-жастық топтарына қарай олардың құны мынадай айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінде белгіленеді:

1) түйелер, оның ішінде:

6 айға дейінгі боталар - 24 АЕК-ке дейін;

6 айдан бір жасқа дейінгі тайлақ - 39,82 АЕК-ке дейін;

екі жасқа дейінгі тайлақ - 68,44 АЕК-ке дейін;

екі жастан жоғары - 94,82 АЕК-ке дейін;

2) ірі қара мал, оның ішінде:

1 жасқа дейінгі бұзау - 19,93 АЕК-ке дейін;

бір жастан екі жасқа дейінгі баспақ - 30,55 АЕК-ке дейін;

сиырлар - 48,32 АЕК-ке дейін;

бұқалар - 53,42 АЕК-ке дейін;

3) жылқылар, оның ішінде:

1 жасқа дейінгі құлындар - 39,82 АЕК-ке дейін;

үш жасқа дейінгі құнандар - 68,44 АЕК-ке дейін;

үш жастан үлкен жылқылар - 94,39 АЕК-ке дейін;

4) қойлар мен ешкілер, оның ішінде:

1 жасқа дейінгі қозылар мен лақтар - 5,24 АЕК-ке дейін;

бір жастан үлкен тоқтылар-ешкілер - 6,47 АЕК-ке дейін;

аналық қой-ешкілер - 8,47 АЕК-ке дейін;

үлкен қошқар-текелер - 9,81 АЕК-ке дейін;

5) шошқалар, оның ішінде:

2 айға дейінгі торайлар - 4,06 АЕК-ке дейін;

екі айдан төрт айға дейінгі торайлар - 4,91 АЕК-ке дейін;

төрт айдан тоғыз айға дейінгі торайлар - 10,49 АЕК-ке дейін;

- 9 айдан үлкен шошқалар - 23,3 АЕК-ке дейін;
- 6) құстар (тауықтар, үйректер, қаздар, түйетауықтар), оның ішінде:
- 30-дан 60 күнге дейінгі балапандар - 0,12 АЕК-ке дейін;
- 60-тан 90 күнге дейінгі шөжелер - 0,20 АЕК-ке дейін;
- тауықтар - 0,42 АЕК-ке дейін;
- үйректер - 1,24 АЕК-ке дейін;
- қаздар - 1,89 АЕК-ке дейін;
- түйетауықтар - 2,03 АЕК-ке дейін;
- 7) үй қояндары, оның ішінде:
- 2 айдан 4 айға дейінгі көжектер - 0,20 АЕК-ке дейін;
- үлкен үй қояндары - 0,50 АЕК-ке дейін;
- 8) жануарлардан алынатын өнімдер, оның ішінде:
- сиыр еті - 0,4 АЕК-ке дейін;
- қой еті - 0,41 АЕК-ке дейін;
- шошқа еті - 0,4 АЕК-ке дейін;
- жылқы еті - 0,51 АЕК-ке дейін;
- түйе еті - 0,51 АЕК-ке дейін;
- ішек-қарны алынған тауық еті - 0,28 АЕК-ке дейін;
- сүт және сүт өнімдері - 0,02 АЕК-ке дейін;
- жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері - 0,05 АЕК-ке дейін;
- 9) жануарлардан алынатын шикізаттар, оның ішінде:
- тері - 0,3 АЕК-ке дейін;
- жүн - 0,09 АЕК-ке дейін.»

5 - т а р м а қ т а :

«килограммы» деген сөзден кейін «(литрі, ондығы)» деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«50» деген сандар «80» деген сандармен ауыстырылсын;

8-тармақтың 1) тармақшасы «жануарларға» деген сөздің алдынан «қолайлы шаруашылық субъектілерінің ұсақ қара мал бруцеллезін қоспағанда,» деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 2) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмамыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық

үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК